

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 26 желтоқсан N 1634. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.04.28. N 673 қаулысымен. ~P970673

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес осы аппарат қызметкерлері шекті санының негізінде 200 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне министрдің 5 орынбасарын, соның ішінде 1 бірінші орынбасарын, сондай-ақ саны 15 адамдық алқа ұстауына рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі орталық аппараты үшін 6 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

4. "Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік қорғау министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1785 P951785_ қаулысы;

"Еңбек министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 19 желтоқсандағы N 1810

P951810_
қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1992 жылғы 18 наурыздағы N 688 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 29 қаңтардағы N 2837

U962837_

Жарлығын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 27 наурыздағы N 359

P960359_

қаулысының 1,2,7-тармақтары.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 26 желтоқсандағы
N 1634 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі орталық аппаратының
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Қаржылық жоспарлау және талдау бас басқармасы

Әлеуметтік реформалар бас басқармасы

Жұмыспен қамту бас басқармасы

Халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуді ұйымдастыру бас басқармасы

Зейнетақымен қамтамасыз ету, еңбекақы және өмір сүру деңгейі
бас басқармасы

Қорлардың борыштары жөніндегі талап-қуыным жұмысы басқармасы

Еңбекті қорғау және оның жағдайы басқармасы

Көші-қон басқармасы

Мүгедектермен және ардагерлермен жұмыс жөніндегі басқарма

Заң басқармасы

Сыртқы байланыс және кадр саясаты басқармасы

Іс басқармасы

Бұқаралық ақпарат құралдарымен байланыс жөніндегі бөлімі